

«Заман – Банк» Ислам банкі» АҚ Басқармасымен
2025 жылғы «20» маусымдағы № 30 хаттамамен бекітілген,
«Заман – Банк» Ислам банкі» АҚ директорлар кеңесімен
банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін
2025 жылғы «23» маусымдағы № 10 хаттамамен бекітілген

Пайдаланушы келісімі

Осы Пайдаланушы келісімі (бұдан әрі - Келісім) пайдаланушылардың «Заман – Банк» Ислам банкі» АҚ (бұдан әрі - Заман-Банк) мобильді қосымшасын пайдалануына байланысты қатынастарды реттейді. Қосымшаны қолданар алдында осы Келісімді мұқият қарап шығыңыз. Қосымшаны пайдалану осы Келісіммен толық және сөзсіз келісімді білдіреді.

Осы Келісімге қосыла отырып, Пайдаланушы өзінің құқық қабілеттілігін және өзінің әрекет қабілеттілігін растайды, оның барлық шарттарымен, оның ішінде https://new.zamanbank.kz/storage/app/media/Zaman_privacy_policy_kz.pdf мекенжайда орналасқан Құпиялылық саясатымен толық және сөзсіз келісімін білдіреді.

1. Терминдердің анықтамасы

Осы Келісімде мынадай терминдер пайдаланылады:

- Пайдаланушы (лар) - қосымшада тіркелген не тіркелгісі келетін, сондай-ақ қосымшаны пайдаланатын жеке тұлғалар, оның ішінде жеке кәсіпкерлер;
- Қосымша-жасалған шарттың талаптарына және Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес банктік қызметтерді алу және орындау үшін қажетті электрондық құжаттармен алмасуды қоса алғанда, қызметтерді көрсету үшін Заман-Банк ұсынатын бағдарламалық қамтамасыз ету болып табылатын мобильді қосымша;
- Қызмет (тер)- Заман – Банк көрсететін банктік қызметтер, сондай-ақ қосымшаны орнату және пайдалану кезінде пайдаланушыға қолжетімді серіктестер мен мемлекеттік органдар сервистерінің қызметтері.

2. Жалпы ережелер

Қосымша осы Келісімге сәйкес пайдалану үшін ұсынылады.

Келісім қосымшаны, оның функционалын пайдалануға және ол арқылы ұсынылатын сервистерге қол жеткізуге байланысты Заман-Банк пен пайдаланушы арасында туындайтын құқықтық қатынастардың жалпы шарттарын айқындайды.

Осы Келісім пайдаланушы мен Заман-Банк арасындағы заңды міндетті келісім болып табылады.

Егер Сіз осы Келісіммен келіспесеңіз, қолданбаны пайдалануды тоқтатуыңыз керек. Келісім қолданушы қосымшаның кез-келген функционалдығын қолдана бастаған сәттен бастап күшіне енеді және мерзімсіз әрекет етеді. Келісім пайдалану аумағымен шектелмейді.

Егер Пайдаланушы Келісімді бұзғысы келсе, оны қолданбаны өз құрылғысынан жою арқылы жасай алады.

Заман-Банк кез келген уақытта қосымшаға қол жеткізуді және оны пайдалану мүмкіндігін тоқтата тұруға, сондай-ақ қандай да бір шығындарды немесе залалдарды өтемей, оның ішінде Пайдаланушы келісім шарттарын кез келген бір рет сақтамаған жағдайда келісімді бұзуға (орындаудан біржақты бас тартуға) құқылы.

3. Пайдалануға берілетін лицензия

Қосымшаға оның барлық бағдарламалық кодын, дизайнын, интерфейс элементтерін, мәліметтер базасын, сондай-ақ зияткерлік қызметтің өзге де нәтижелерін қоса алғанда, айрықша құқық Заман-банкке тиесілі.

«Заман – Банк» Ислам банкі» АҚ Басқармасымен
2025 жылғы «20» маусымдағы № 30 хаттамамен бекітілген,
«Заман – Банк» Ислам банкі» АҚ директорлар кеңесімен
банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін
2025 жылғы «23» маусымдағы № 10 хаттамамен бекітілген

Пайдаланушы қосымшаны тек оның функционалына және осы Келісімге, сондай-ақ Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес пайдаланады.

Пайдаланушының құқығы жоқ:

- өзгерту, декомпиляциялау, бөлшектеу, кері жобалау немесе басқа жолмен қосымшаның бастапқы кодын алуға тырысу;
- қосымшаны үшінші тұлғаларға көшіру, тарату, жалға беру, сату немесе басқа тәсілмен ұсыну, оның ішінде өз шотына кіруді беру;
- техникалық шектеулерді немесе қауіпсіздік шараларын айналып өту әрекеттерін қоса алғанда, қосымшаның жұмысына араласу;
- қосымшаны Қазақстан Республикасының заңнамасына, мораль мен әдеп нормаларына қайшы келетін мақсаттар үшін не Заман Банкіне, басқа пайдаланушыларға немесе үшінші тұлғаларға зиян келтіру мақсатында пайдалану.

Авторлық және айрықша құқықтарды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына және Қазақстан Республикасы ратификациялаған халықаралық шарттарға сәйкес жауапкершілік көзделген.

4. Жазылымдар және төлемдер

Қолданбаны пайдалану тегін.

Бұл ретте қосымша арқылы қолжетімді жекелеген банктік және өзге де қызметтерді Заман-Банк Заман-банкті пайдаланушы арасындағы шартта белгіленген тарифтер мен талаптарға сәйкес өтеулі негізде ұсына алады.

Қолданба автоматты түрде жаңартылатын жазылымдарды, жүктеу төлемдерін, қолданбаның функционалдығын пайдалануды немесе оған қол жеткізуді қарастырмайды. Заман - Банк қосымшаны өзі пайдаланғаны үшін қаражатты есептен шығаруды жүзеге асырмайды.

5. Құпиялылық саясаты

Қосымшаны пайдалану https://new.zamanbank.kz/storage/app/media/Zaman_privacy_policy_kz.pdf сілтеме бойынша қол жетімді Құпиялылық саясатымен реттеледі:

Құпиялылық саясаты Пайдаланушылардың деректерін қалай жинауды, пайдалануды және қорғауды сипаттайды.

6. Электрондық банк қызметтері

Қосымша арқылы ұсынылатын электрондық банктік қызметтер пайдаланушыға пайдаланушы мен Заман-Банк арасында жасалған, электрондық банктік қызметтер көрсету жөніндегі қатынастарды реттейтін шартта көзделген шарттарда және тәртіппен көрсетіледі. Қосымшаны пайдалану электрондық банк қызметтерін көрсету туралы шартты автоматты түрде жасасуға әкеп соқпайды. Мұндай қызметтерді ұсыну пайдаланушы мен Заман-Банк арасында тиісті түрде жасалған шарт негізінде ғана жүзеге асырылады.

7. Жауапкершілікті шектеу

Заман-Банк жауапты емес:

- кез-келген тікелей, жанама немесе кездейсоқ шығындар, соның ішінде қосымшаны пайдалануға байланысты жоғалған пайда;
- техникалық себептерге байланысты қосымшаның уақытша қол жетімсіздігі;

«Заман – Банк» Ислам банкі» АҚ Басқармасымен
2025 жылғы «20» маусымдағы № 30 хаттамамен бекітілген,
«Заман – Банк» Ислам банкі» АҚ директорлар кеңесімен
банкпен ерекше қатынастармен байланысты тұлғалар үшін
2025 жылғы «23» маусымдағы № 10 хаттамамен бекітілген

- пайдаланушы орналастырған ақпараттың сақталуы, сондай-ақ еңсерілмейтін күш жағдайлары туындаған жағдайда қосымшаның үздіксіз жұмысы, соның ішінде, бірақ онымен шектелмей: бо қимылдары, төтенше жағдай, табиғи апат және т. б..

Қолданбаны пайдалану кезінде пайдаланушы өз елінің заңнамасының сақталуына толық жауап береді.

8. Жаңартулар мен өзгерістер

Заман-Банк қосымшаның функционалына өзгерістер енгізу, оны жаңарту немесе қызметтер көрсетуді тоқтату (қосымшаға қол жеткізуді ұсыну) құқығын өзіне қалдырады. Қолданбадағы хабарландырулар арқылы пайдаланушыға елеулі өзгерістер туралы хабарланады.

9. Пайдалануды аяқтау

Заман-Банк осы Келісім бұзылған жағдайда пайдаланушының қосымшаға кіруін тоқтату құқығын өзіне қалдырады.

Пайдаланушы қолданбаны кез келген уақытта оны құрылғыдан жою арқылы тоқтата алады.

10. Дауларды шешу

Осы Келісімге байланысты барлық даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешілуге тиіс.

Дауларды реттеудің алдын ала тәртібі (талап қою) міндетті.

11. Келісімнің өзгеруі және басқа шарттар

Заман-Банк пайдаланушының алдын ала келісімсіз осы Келісімге өзгерістер енгізуге құқылы. Келісімнің жаңа редакциясы, егер келісімнің жаңа редакциясында өзгеше көзделмесе, ол банктің қосымшасында және/немесе ресми сайтында орналастырылған кезден бастап күшіне енеді.

Егер Пайдаланушы Келісімнің жаңа редакциясымен келіспесе, ол қосымшаны пайдалануды тоқтатуға, оны өз құрылғысынан алып тастауға және/немесе банкке: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Алматы ауданы, Рахымжан Қошқарбаев даңғылы, 1А ғимараты, 3 е.м. жазбаша өтініш жіберуге міндетті.

Қосымшаны пайдалануды жалғастыру не Келісімнің жаңа редакциясы орналастырылған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде жазбаша өтініштің болмауы пайдаланушының оның шарттарымен сөзсіз келісуін білдіреді.

Осы Келісімге және қосымшаны пайдалануға байланысты пайдаланушы мен Заман-Банк арасында туындайтын қатынастарға Қазақстан Республикасының заңнамасы қолданылуға тиіс.

Қосымшаға Барлық құқықтар, оның ішінде іске асырылатын және онымен әзірленетін сервистер Заман-банкке тиесілі.

12. Байланыс ақпараты

Қазақстан Республикасы, Астана қ., Алматы ауданы, Рахымжан Қошқарбаев даңғылы, 1А ғимарат, 3 е.м.

+7 (717) 226-20-26

Байланыс орталығы: 4077 (Қазақстан Республикасы бойынша тегін қоңырау шалу),

+7-778-099-40-77, help@zamanbank.kz.